

"Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 16 қаңтардағы № 5-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) тізбеге сәйкес құқықтық актінің жобасын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) тиісті ведомстволық құқықтық актіні қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2018 жылғы 16 қаңтардағы
№ 5-ө өкімімен
бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет Қазақстан Республикасы құқықтық актілерінің тізбесі

Р/с №	Құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган, ұйым	Орындау мерзімі	Құқықтық актілердің сапасына, уақтылы әзірленуі мен енгізілуіне жауапты тұлға
1	2	3	4	5	6
1	"Мемлекеттік қызметшілердің және Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының ант беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 532 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	КК (келісім бойынша)	2018 жылғы ақпан	Б. М. Нұрмұханов
		Қазақстан Республикасының			

2	"Астана" халықаралық қаржы орталығына бөлінген республикалық бюджет қаражатын нысаналы және тиімді пайдалануды бақылауды жүзеге асыру тәртібін бекіту туралы	Қаржы министрі мен "Астана" халықаралық қаржы орталығы басқарушысының бірлескен бұйрығы	Қаржымині, АХҚО (келісім бойынша)	2018 жылғы ақпан	Б. Ш. Шолпанкулов, Қ. М. Айтекенов
---	--	---	-----------------------------------	------------------	------------------------------------

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

КК - Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі

Қаржымині - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

АХҚО - "Астана" халықаралық қаржы орталығы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК